

# ЕРТІС

---

ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ  
ҚОҒАМДЫҚ ГАЗЕТ 1999 жылдан бастап шығады

№1 (81). 2009 жыл. 24 ақпан

## ДИДАРЫ

---

# КӨПШІЛІКТІ ҚУАНТҚАН БІЛІМ ҰЯСЫ

2007 жылғы маусым айында, Успен ауданы орталығында алғашқы қазақ орта мектеп – интернаты бой көтерді. Жүзу бассейні, спортзалы, компьютер класы, оқу-ғәрбие ісіне, демалуға лайықталып жабдықталған арнайы бөлмелері бар екі қабатты білім ұясының ашылуы ұлан-асыр тойға ұласты. Жиналған жұрттың қуанышы қойнына сыймай, ақсақалдар бата беріп, Әйбішелер шашу шашып, қыз-келіншектер ән салып, би билеп, бозбалалар тайға мініп сүйінші сұрап ауыл-ауылға шапқылап дегендей, бабалардан ?алған әдемі салт-дәстүрлеріміз қайта жаңғырды.

Мектеп үйінің салынуына ынта білдіріп, құрылысына бюджеттен қаржы бөлген облыс әкімі Қайрат Нұрсейісов пен мектеп құрылысына тікелей араласып, бақылауына алған Успен ауданының әкімі Владимир Левченко “түсау кесер” рәсімін жасады. Киелі атамекенде Тәуелсіздігіміздің айшықты белгісіндей болып бой көтерген әсем білім ұясының кілті салтанатты жағдайда мектеп директоры Бақтыгүл Бұлқайыроваға табыс етілді. Дұрыс-ақ, ырысы тасыған азат елдің өскіні көрікті де өр болып өркендеуі үшін тап осындай алтын ұяларда ғана тәрбиеленуі тиіс!

Мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мәншүк Ашикова есімді “қаламының желі” бар зерделі қарындасымыздың “Қасиетті жеті” атты кітабы той қонақтарына ескерткіш ретінде таратылды.

Осы қуанышты оқиғаны облыс орталығындағы “Дарын” мектебінің директоры Темірболат Дәйкенов (енді марқұм), облыс білім департаменті директоры Бахридден Кәрімжанов, облыс тілдерді дамыту басқармасының бастығы Талғат Әбілқасымов, ПМУ-дың профессоры Қайырбай Базарбеков, тағы басқа қадырлы қонақтармен бірге өзім де тамашалаған едім. Сол күні толқыған сезімім төмендегідей өлең жолдарымен қағазға түзілді.

Ауданы Керекудің Успен деген,  
Шығысын облыстың мекендеген.  
Шектескен шекарасы өн бойына,  
Өлкесі Ресейдің Алтайменен.

Жері бай, суы шипа бұл өлкенің,  
Азаматы көп ойлар ел ертеңің.  
Көлдерді қолдан жасап, құс қондырып,  
Болап отыр ұясы берекенің.

Өкілі әрбір ұлттың қоныстанған,  
Ертеден қазақ, орыс бірге қонған.  
Немістер бұл өңірге кейін келіп,  
Аянбай еңбек етіп, бағы жанған.

Сағынып ата жұртын баба көрген,  
Алтайдың ар жағынан туыс келген.  
Орнықты осы өңірге олар дағы,  
Қош айтып бөтен елге өсіп-өнген.

Бірге өткізген әрдайым мерекені,  
Жарасқан ынтымағы ел еселі.  
Қазақ тілі мектебін алғаш ашып,  
Ұрпаққа тарту етті берекені.

Ғимарат тұрды әсем бой көтеріп,  
Масаттанды халайық бұны көріп.  
Әкімі облыстың Қайрат мырза  
Сөз алды сезіміне ерік беріп.

Жыл бұрын осы жаққа келгенінде,  
Мектеп үйі жағдайын көргенінде,  
Ашуға оқу орнын ұлттық тілде  
Қаражат бөлінеді деген еді.

Баршаны осы сезім баурап алды,  
Өшпестей әр жүректе ізі қалды.  
Жазылып алтынменен бұл оқиға,  
Өлкенің тарихында мәңгі қалды.

**Мұрат ӘБДІРАХМАНОВ,**  
облыстық “Қазақ тілі”  
қоғамының төрағасы.